

Қазақ әдебиеттану ғылымының майталманы

Бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымының іргесін ұстап тұрған ғалымның бірі – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шерияздан Рүстемұлы Елеуқенов.

Әдебиеттегі қадамын журналистикадан бастаған ол өз замандастары Кәкімжан Қазыбаев, Сапар Байжанов, Баянжан Мәдиев, Ұзақ Бағаев, Сматбек Төребеков, Қайыркен Сағындықов, Мұқан Мамажанов, Бекежан Тілегенов, Тельман Жанұзақов, Бекмырза Баймаханов, Хайдолла Тілемісов, Шерхан Мұртаза, Сейдахмет Бердіқұлов, Әбілмәжін Жұмабаев, Әбілфайыз Ыдырысов, Темірбек Қожақеев, Камал Смайылов сынды бар ғұмырын қазақ журналистикасының ыстық-суығына арнағаны белгілі. Қазақ журналистикасының қоржынын олжаға толтырған ол ұлттық әдебиеттану ғылымына да қомақты үлес қосып келеді.

Академик Г.И.Ломидзенің жетекшілігімен «Қазақ романы және қазіргі заман» (1996) атты кандидаттық, «Қазақ романының идеялық-көркемдік және жанрлық ерекшеліктері» (1989) атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған ол – бүгінгі таңда әдебиеттану ғылымында айқын із салған білікті ғалым. Осы тұрғыда оның «Казахский роман и современность» (1968), «Замандас парасаты» (1977), «От фольклора до романа-эпопеи» (1987), «Жана жолдан» (1989), «Мағжан» (1995), «Әдебиет және ұлт тағдыры» (1997), «Ғасырмен сырласу» (2004), «Тәуелсіздік биігінен» (2007), т.б. тәрізді зерттеу еңбектерін ерекше атаған жөн.

Ғалым зерттеулерін өз ішінен бірнеше салаға бөліп сөз етуге болады. Олардың ішінен бірінші көзге түсетіні – қазақ романы туралы зерттеулер. «Сүйекті жанрдың» арғы-бергі тарихын жете зерттеген ғалым қазақ романын Абайдың эпистолярлық романына бастау керектігін ғылыми тұрғыда дәлелдеп берді. Ол жөнінде зерттеуші: «Ұлы ақынымыз орыс поэзиясының елуге жуық өлеңдерін аударып, түп нұсқадан қай жағынан да кем түспейтін шеберлікпен қазақ поэзиясын жаңа түр, соны сөзбен байытты. Пушкиннен жаңалықтарын алғап айта келе, Мұхтар Әуезов: «Абайдың шын қуаты – бояуы айқын. Қыры мен сыры терең тілінде, сөздігінде жатыр», Пушкинді тәржімалағанда «Абай не Крыловты, не Лермонтовты аударғандағы сияқты дәлшілдік әдеттерін қолданбайды». «...Абай өз бетімен еркіндеп, Пушкиннен ойкастап кетіп отырады» - деген.

Абайдың шын қуаты жайындағы пікірді жалғай түскенімізде анық көзіміз жететіні, Александр Пушкиннің романына келгенде, «Евгений Онегинді» ықшамдап, тарауларының көбін қысқартып, эпистолярлық роман жанры күйіне түсірген. Яғни жаңа нұсқасын (версиясын) жасаған. Нәтижесінде Абай нұсқасы төлтума шығармаға айналған. Ол, күні бүгінге дейін айтылып жүргеніндей, аударма емес...

Аударма дегеніміз не? Бір тілде жазылған мәтінді екінші тілде дәл, түсінікті етіп жеткізу ғой. Түсінікті етудің амалы әртүрлі. Нақпа-нақ аударма дейтіні бар. Мәтінді сөзбе-сөз беремін деп отырып тәржіманың оқылуын қиындатады. Қасқырдың мойнындай етіп сірестіріп қояды. Ал, еркін аударма дейтіні бөтен тілдегі мәтіннің мағынасын бұзып бет алды лағып кетеді, тәржіманың дұрыс-бұрыстығына шәк келтіреді. Ең дұрысы –

аударманың балама түрі (адекватный перевод). Түпнұсқа авторының ой өрбіту, сөз сөйлеу мәнерін сақтау.

Бұл амалдың қай-қайсысы да «Евгений Онегиннің» Абай жасаған нұсқасында қолданылмаған. Пушкин өлең-романының эпистолярлық сүйіспеншілік роман жанрында қайта жазылуы тәржімалық амалдың бәрінен бас тартуға мәжбүр етті. «Пушкиннің үлкен шығармасын Абай өз тұсындағы қазақ оқушысына өз елегінен өткізіп, өзінше қорытынды жасап, өзі ойлаған түрдегі бір үлгі етіп ұсынбақ болады». Кең байтақ романның махаббат жырына айналуында, Пушкиннен өзгеше бітім алуында бірқатар сыр бұғулі», - дей келіп, аталған шығармаға тыңғылықты талдау жасады. Нәтижесінде қазақ романының тарихы Абайдың эпистолярлық романынан бастау алды. Мұның өзі оның қазақ романының тарихы мен көркемдік қуатын жете зерттеуге ден қойғандығын аңғартады.

Оның зерттеулерінің бір парасы – монографиялық зерттеулер. Мағжан Жұмабаев, Әбділда Тәжібаев, Ілияс Есенберлин, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Тахауи Ахтанов сынды ақын-жазушылардың шығармашылық портретін жасаған ғалым портреттік монографияларды зерттеудегі өз ерекшелігін танытты. Ол – кез-келген ақын-жазушының өмірі мен шығармашылығын толық қамту арқылы олардың творчестволық өсуін, ұлт әдебиетіне қосқан үлесін анықтау. Зерттеулерінен қазақ әдебиеті туралы алыс-жақын шетелдік ғалымдар мен сыншылардың, жазушылардың жазғандарын мұқият қадағалап, назарда ұстау ерекше көзге түседі. «Мағжан» атты монографиясы үшін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанған ғалымның тәуелсіз қазақ ақындары Кәкімбек Салықов («Мағжан аға») пен Темірхан Медетбектің («Мағжан жыр») ақын ағамен сыр бөліскен жырларына дейін назарда ұстап отыруы – ғалымның зерттеу объектісіне деген шынайы құштарлығын танытар даусыз.

Оның «Қазақ әдебиетінің тарихын» жасауға қосқан еңбегін де ерекше атауға болады. Ол – соңғы жылдары Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жасалған он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» (8, 9, 10 томдары) негізгі авторларының бірі.

Шерияздан Рүстемұлы зерттеулерінің келесі саласы – тәуелсіздік әдебиеті туралы еңбектері. Ол тәуелсіздік әдебиетін тұрақты зерттеп, қазіргі әдеби процесті жіті қадағалап келе жатқан ғалым. Бұл тұрғыда оның тәуелсіздік кезең әдебиетін зерттеуге арналған ұжымдық еңбектің (1991-2001 жылдар аралығын зерттеген 10-том) жалпы редакциясын басқарғанын баса айтуға болады. Аяқталмаған, қозғалыс үстіндегі әдебиетті зерттеудің өз қиыншылықтары да жетерлік. «Жаңа жолдан», «Мағжан, «Әдебиет және ұлт тағдыры», «Ғасырмен сырласу», «Тәуелсіздік биігінен» атты еңбектерінде әдебиетті жаңаша баялайтын ғалым қазіргі қазақ әдебиетінің өскен биігін ғылыми тұрғыда дәлелдей білді. «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде» («Алатау» баспасынан шыққан) деп аталатын кітаптың кіріспесінде ғалым: «Бұл кітап болашақ туындыларға ой түрткі боларлық қызмет атқарса, қалың оқырманның қаптай шығып жатқан әдеби көркем дүниелер хақындағы білмекке құмарлығын өтеуге септесе, – автор еңбегінің еш кетпегені», - дейді.

Біздіңше, автор алдына қойған мақсатына жеткен. Олай дейтініміз, бұл – аталған кезең әдебиеті жөніндегі бас-аяғы жинақы, толыққанды зерттелген тұғыш еңбек. Ғалымның айтуынша ХХ ғасырда қазақ әдебиеті үш кезеңді басынан өткізсе, соның үшінші кезеңі – «қазақ халқының тарихындағы ең бақытты дәуірден, маңдайы жарқырап, тәуелсіздік туын желбіретіп, мерейі үстем болған және елімізді демократиялық жолға түсірген 1991 жылдың 16 желтоқсанынан басталады». Кіріспеде осы аталған кезеңдегі қазақ әдебиетінің жай-күйі қандай болғандығы сол тұстағы мәдени, әдеби шаралармен

байланыстырыла сөз болады. Әдеби процесті жанды қозғалыс ретінде таныта білген ғалым бүгінгі әдебиеттің даму үстінде екендігін өз зерттеулерімен жан-жақты аша түскен.

Қаламы жүйрік каламгер осындай сүбелі зерттеулермен бірге көркем шығармадан да қол үзген жоқ. Әр жылдары жарық көрген «Сұлулыққа інкәрлік» (1999), «Әттең, дүние...» (2001) атты кітаптарға енген Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Кенен Әзірбаев, Ғабиден Мұстафин, Ғафу Қайырбеков, Кемел Тоқаев, Садықбек Адамбеков, Зейнолла Қабдолов, Шерхан Мұртаза, Өзбекәлі Жәнібеков, Тауман Амандосов, Сапар Байжанов, Камал Смайылов, Сағат Әшімбаев туралы эсселерді оқырман қауымның ыстық ықыласпен қабылдағаны белгілі. Өзімен жақын араласқан замандастарының тек шығармашылығы туралы ғана емес, олардың табиғи болмысы туралы сыр шерткен бұл эсселер қызғылықты тілімен баурайды.

Шериаздан Рүстемұлының жазушылық қырын да ерекше атаған жөн. Сонау 60-жылдары жазылған «Тұңғыш» әңгімесінен кейін де ол әр жылдары «Әке сыны», «Мүһмин атай», «Тасыр», «Базарлық», «Мұратжанның қазақшасы» атты бірсыпыра әңгімелермен қатар эссе, хикая жазып жүрген ол дәстүрлі тақырыпты жаңғыртқан «Әттең, дүние...» атты романын жазды. Жазушы махаббаттың жалаң сезім емес, қоғамдық мәселелерге саятындығын нанымды бейнелей білді. Үлкен сезімдердің бәрін жеңіп шығатындығын коммунист Можан мен Инганың бас қосуына сыйғыза білді. Махаббат туралы романдар әр кезде де жазылып жүр, бұл роман XX ғасыр мен XXI ғасыр арасындағы өтпелі кезеңде жазылуымен ерекшеленеді. «Тұңғыштағы» Қойшыбектен бастап «Әттең, дүниедегі ...» Можекеңдер – оқырманның есінде ұзақ сақталып қалатын кейіпкерлер екені белгілі. Бір қарағанда, күнделікті күйбең тіршілікпен байқалмайтын жайттарды жіті көзбен аңғара білген қаламгер жеңіл юморға үлкен ой сыйғыза отырып философиялық түйін жасайды. Қойшыбектің әрбір ісін көрген жанның оның бойынан таныс, бейтаныс кейіпкерін іздейтіні анық. Әңгіменің негізгі жетістігі – өмірден алынған шынайылығында болса, Қойшыбектердің арамызда жүргені де жасырын емес.

«Әттең, дүние...» романының бас кейіпкері Можекеңнің «Тал бесіктен жер бесікке дейін қаншама өмір сүрсең де, айналып келіп жастығыңды аңсай бересің. Жастық дәуреннің алтын сәулеге малынған таңы, гүл-гүл жайнаған күні, балқаймақ түні қандай! Әттең, шіркіннің ғұмыры шолақ...», - деген жалын атқан жастық шақ туралы тебіренісіне ден қоя білген жазушы лирикалық шегініс арқылы кейіпкерінің жанына үңіле білген.

Жазушы Одер мен Ертіс арасындағы шалғайлық пен менталитет алшақтығын Можан мен Инганың арасындағы үлкен сүйіспеншілікпен жалғай білсе, Инганың ілуде бір көлік өтетін кең жолда жол апатына ұшырауы арқылы «қанның жібермейтіндігінен» хабар береді. «Қаншама жұтса да әкел-әкелдің астына алатын қомағай апан ауыз сегіз пеш – сегіз айдаһар, сегіз тажалдың» 1945 жылдың 11-сәуірге дейін күндіз-түні бір толастамай будақтауына себеп болған тағдыр иелерінің жан түршіктірер қазасының төлемі жоқ екеніне назар аударған жазушы жазықсыз Инганың қазасы арқылы философиялық түйін жасайды. Ол – жасаған жақсылығың мен жаманшылығыңның ұрпағыңның алдынан шығатындығы.

Жазушы қаламына тән жетістіктің бірі – жекелеген детальдарға үлкен ой сыйғызу. Оны ауруханада жатқан 17-18 жастағы балаң жігіт Можанның Ингаға араша түсуінен көруге болады. Себебі, Можан қыз балаға төрінен орын беріп, қонақ етіп сыйлаған қазақ халқының перзенті. Олай болса, Можанның Инганы алақанына салып аялауынан қазақ халқына тән ұлттық ерекшелікті байқауға болады.

Можан мен Инга арасындағы махаббат – Мижанның өзі көп айтатын бір-біріне қосыла алмай махаббаттың құрбаны болған Қозы мен Баян, Қызжібек пен Төлеген сынды ғашықтардың сұрапыл соғыстан кейінгі жылдардағы жалғасы. Романның финалы – Инганың қайтыс болуы.

Романның прологы «Жүректе адал сезім сақтау – зор бақыт! Осындай махаббат иесі бақытсыз болса да бақытты!» дегенді ұғындырады. Себебі, Можан – өзін бақытсыз санағанмен, махаббат атты үлкен сезімді ғұмырына азық еткен бақытты жан. «Көзінен сорасы аққан теңіз тасбақасының суретін» өз суретінің орнына беруі арқылы автор Можан мен теңіз тасбақасының ұқсас тағдырын салыстыруда үлкен жетістікке жеткен.

Соңғы жылдары ғалым «Бес арыс қалай ақталды?», «Шәкәрімнің оралуы», «Мағжанның оралуы» сынды мемуар, эсселер жазып жүр. Мұндай дүниелердің әдебиеттану ғылымының тарихын жете түсінуге септігі тиері даусыз. Сонымен бірге ғалымның «жеті атасын білмеген жетесіз» деген халық даналығын жадында ұстап қазақтың шежіресіне үңіліп Найман елі туралы үлкен зерттеулерге ден қойып жүргенін да баса айтқан жөн.

Жоғарыда сөз болған еңбектердің Шерияздан Рүстемұлының «сегіз қырлы, бір сырлы» жан екендігінен хабар береді. Журналист, сыншы, ғалым, жазушылығымен көпке танылған ол – шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз. Бүгінде ғалымның еңбектерімен сусындаған журналистер мен жетекшілігімен ғылымға келген жастар Қазақстанның түкпір-түкпірінде еңбек етуде.

Үлкен қоғамдық қызметтер атқарған ғалымның немере тәрбиелеген ата екендігін қоссақ Шерияздан Рүстемұлының қыры толыға түсері даусыз.

Бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымының көшбасында жүрген саусақпен санарлық ағаларымыз осындай құнды да сапалы, сүбелі де толымды зерттеулерімен ұлттық әдебиеттануымызды байыта берсін деген тілек білдіргіміз келеді. Осындай білікті ғалымдардың қаламы мұқалмай, жазары таусылмай арамызда жүре бергей. Ал кейінгі буын өкілдері өмірі де, шығармашылығы да үлгі болар ағаларымыздан үйрене берсе, солар секілді ұлт әдебиетіне шын жанашыр болса нұр үстіне нұр болар еді. Қолына қалам ұстаған әрбір әдебиетші осы ұстаздарымыздай еңбек етсе, қазақ әдебиетінің болашағы жарқын болары даусыз.

Резюме

В этой статье говорится об известном ученом Ш.Р.Елеуенове. О его основных трудах в сфере литературы.

Resume

Article is devoted the scientist in the Kazakh literature of Sherijazdanu Rustemovichu Eleukenovu. There is written about his works.

Özet

Araştırmacı bu makalesinde Kazak Edebiyatının önemli şahsiyetlerinden, edebiyatçı bilim adamı Şeriyazdan Rustemoğlu Elevkenov'un kişiliğinden, bilimsel araştırmalarından söz etmiştir. Ünlü bilim adamının edebiyat bilgisi alanındaki başarıları ile bilimsel eserlerini teferuatlı bir incelemiştir.